

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі тағайындайтын, онымен келісу бойынша немесе оның ұсынуымен тағайындалатын лауазымды адамдар бойынша кадр мәселелерін шешу тәртібі туралы" 2002 жылғы 16 шілдедегі № 784 және "Жекешелендірудің 2021 – 2025 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы" 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 908 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 15 желтоқсандағы № 1123 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 27.12.2023 № 1195 қаулысымен.**

2) "Жекешелендірудің 2021 – 2025 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 908 қаулысында:

7-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісінше 2004 жылғы 30 шілдедегі № 810 және 2008 жылғы 30 маусымдағы № 651 қаулысымен бекітілген экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларының өздеріне қатысты меншіктің мемлекеттік мониторингі жүзеге асырылатын объектілерінің және ұлттық холдингтердің және (немесе) ұлттық компаниялардың не олардың аффилиирленген тұлғаларының, сондай-ақ мемлекет қатысатын өзге де заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына берілген және (немесе) олардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің және мемлекетпен аффилиирленбеген заңды тұлғалардың, сондай-ақ жеке тұлғалардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің тізбелеріне енгізілген ұйымдар акцияларының (қатысу үлестерінің) бақылау пакетін сақталып қалуды қамтамасыз етсін.

Бұл ретте осы қаулының 7-тармағы 4) тармақшасының бірінші абзацында көзделген талаптар Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы заңнамасына сәйкес "Эйр Астана" акционерлік қоғамына қолданылмайды, бұл ретте шетелдік заңды тұлғаға, заңды тұлға болып табылмайтын шетелдік ұйымға, шетелдікке және (немесе) азаматтығы жоқ адамға дербес не басқа шетелдік заңды тұлғалармен, заңды тұлға болып табылмайтын шетелдік ұйымдармен, шетелдіктермен және (немесе) азаматтығы жоқ адамдармен жиынтықта Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған "Эйр Астана" акционерлік қоғамының акцияларын және (немесе) оның акциялары базалық активі болып табылатын туынды бағалы қағаздарды "Эйр Астана" акционерлік қоғамының

орналастырылған акцияларының жалпы санының қырық тоғыз және одан көп пайызынан асатын мөлшерде ("Эйр Астана" акционерлік қоғамы өзі сатып алғандарды шегергенде) тікелей және (немесе) жанама иеленуге, пайдалануға және (немесе) билік етуге тыйым салудың сақталуы шарт;"

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 27.12.2023 № 1195 қаулысымен.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Ә. Смайылов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК